

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ»
АҚ**

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жыл іші қаржылық есептілігі және
тәуелсіз аудиторлар есебі

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

Мазмұны

	Беті
2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-3
2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ:	
Қаржылық жағдай туралы есеп	4
Пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп	5
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	7
Қаржылық есептілікке ескертпелер	8-44

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілігін Дайындау және Бекіту Жауапкершілігі Жөніндегі Басшылық Мәлімдемесі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының Басшылығы (бұдан әрі – «Қор») 2016 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететін қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық жауапты болады:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, оның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуына;
- есептілікті пайдаланушыларға белгілі бір мәмілелер, сонымен қатар өзге оқиғалар немесе талаптар Қордың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне қандай әсер ететінін түсіну үшін ХҚЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болғанда қосымша ақпаратты ашуға;
- Қордың қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға.

Басшылық сондай-ақ, жауапты болады:

- Қордағы ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізуге, сонымен қатар кез келген күндегі жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті түрдегі нақты ақпаратты ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуіне;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін ақылға сыйымды барлық мүмкін шаралардың қолданылуына; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу үшін.

Қордың Басшылығы 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші осы қаржылық есептілігін 2017 жылғы 28 ақпанда бекітті.

Қор басшылығы атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қор төрағасы

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан



Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтердің м.а.

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Акционеріне және Басшылығына

Пікір

Біз қоса берілген 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есебін және 2016 жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті есептерін, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен басқа да түсіндірме ақпаратты қамтитын «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі «Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ 2016 жыл іші оның қызметінің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз *Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне* сәйкес («Кодекс») және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің ойымызша, біз пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алдық.

Қаржылық есептілік үшін басшылық және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар жауапкершілігі

Қор басшылығы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Қордың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде, алайда басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе басшылықтың Қорды таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда есептілікті дайындауға жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлар жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрамалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Қордың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жайлы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер жайлы, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.



«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік
лицензия нөмірі 0000015, сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2017 жылғы 28 ақпан
Алматы қ., Қазақстан


Роман Саттаров
Қазақстан Республикасының
білікті аудитормы
2013 жылғы 31 мамырдағы
№МФ-0000149
аудитордың біліктілік куәлігі


Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 Желтоқсандағы
Қаржылық Жағдай туралы Есеп
(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5, 17	64,459,519	79,576,372
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар	6, 17	514,593,725	441,760,269
Дебиторлық берешек	7, 17	3,638,133	2,013,221
Өзге активтер	8, 17	959,934	812,766
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		583,651,311	524,162,628
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ:			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге міндеттемелер	9, 17	614,843	1,080,881
Міндеттемелер жиыны		614,843	1,080,881
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	10	214,358,600	194,871,600
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша тапшылық		(44,067,323)	(19,511,201)
Резервтік капитал		1,948,716	1,771,560
Арнайы өтеу резерві	19	395,247,203	270,056,516
Бөлінбеген пайда		15,549,272	75,893,272
Капитал жиыны		583,036,468	523,081,747
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		583,651,311	524,162,628

Қор басшылығы атынан

Қоғылов Б.Б.
Қор төрағасы

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан



Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтердің м.а.

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

8-44 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Пайда мен Шығындар және Өзге Жиынтық Кіріс туралы Есеп
(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістер	11, 17	33,532,694	21,800,421
Қатысушы банктердің жарналарынан кіріс және тарату комиссиясынан түсімдер	12	36,088,893	29,445,727
Таратылған банктердің депозиторларына өтеу бойынша шығыстар	12	(14,322)	(4,265,470)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығын)/пайда	13	(2,810,391)	65,386,307
Өзге кірістер/(шығыстар)		9	(79,339)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		33,264,189	90,487,225
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР	14, 17	(593,824)	(576,483)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		66,203,059	111,711,163
Табыс салығы бойынша шығыс	15, 17	(1,179,216)	(137,634)
ТАЗА ПАЙДА		65,023,843	111,573,529
Қатысушы банктердің жарналарынан таза кірісті және тарату комиссиясынан түсімдерді арнайы өтеу резервіне міндетті үлестіру		(36,074,571)	(25,180,257)
МІНДЕТТІ ҮЛЕСТІРУДЕН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		28,949,272	86,393,272
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫН) Кейіннен пайда немесе шығындар құрамында қайта жіктелуі мүмкін баптар: Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздардың әділ құнын қайта бағалау бойынша таза шығын, салықты шегергенде – нөл теңге		(24,556,122)	(20,769,373)
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН		(24,556,122)	(20,769,373)
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		4,393,150	65,623,899

Қор басшылығы атынан

Қоғылов Б.Б.
Қор төрағасы

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан



Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтердің м.а.

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

8-44 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Капиталдағы Өзгерістер туралы Есеп
(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	Жарғылық капитал	Сатуға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша тапшылық	Резервтік капитал	Арнайы өтеу резерві	Бөлінбе- ген пайда	Жиыны
2014 жылғы 31 желтоқсан		177,156,000	1,258,172	1,610,510	215,394,855	19,142,454	414,561,991
Міндетті үлестіруден кейінгі таза пайда		-	-	-		86,393,272	86,393,272
Өзге жиынтық шығын		-	(20,769,373)	-	-	-	(20,769,373)
Жай акцияларды шығару	10	17,715,600	-	-	-	-	17,715,600
Резервтік капиталға көшіру		-	-	161,050	-	(161,050)	-
Арнайы өтеу резервін құру		-	-		29,481,404	(29,481,404)	-
Қатысушы банк- тердің жарна- ларынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру	12	-	-	-	29,445,727	-	29,445,727
«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(4,265,470)	-	(4,265,470)
2015 жылғы 31 желтоқсан		194,871,600	(19,511,201)	1,771,560	270,056,516	75,893,272	523,081,747
Міндетті үлестіруден кейінгі таза пайда		-	-	-	-	28,949,272	28,949,272
Өзге жиынтық шығын		-	(24,556,122)	-	-	-	(24,556,122)
Жай акцияларды шығару	10	19,487,000	-	-	-	-	19,487,000
Резервтік капиталға көшіру		-	-	177,156	-	(177,156)	-
Арнайы өтеу резервін құру		-	-	-	89,116,116	(89,116,116)	-
Қатысушы банк- тердің жарна- ларынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру	12	-	-	-	36,088,893	-	36,088,893
«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(14,322)	-	(14,322)
2016 жылғы 31 желтоқсан		214,358,600	(44,067,323)	1,948,716	395,247,203	15,549,272	583,036,468

Қор басшылығы атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қор төрағасы

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтердің м.а.

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

8-44 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2015 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Ақша Қаражатының Қозғалысы туралы Есеп
(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Міндетті күнтізбелік жарналардан түсім		33,610,381	28,176,449
Тарату комиссиясынан түсім	12	697,646	140,000
Орналасырылған салымдар бойынша түскен сыйақы		10,920,615	1,214,568
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы		20,531,272	17,970,109
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	11	318,985	404,121
Өзге түсімдер		251,597	9,778
Жеткізушілерге тауарлар мен қымметтер үшін төлемдер		(183,699)	(157,486)
Іс-сапар шығыстары бойынша төлемдер		(8,688)	(5,887)
Жалақы бойынша төлемдер		(287,390)	(280,652)
Өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер		(103,617)	(93,745)
Таратылатын банктің депозиттері бойынша өтеу		(14,322)	(3,656,717)
Өзге төлемдер		(6,457)	(614,684)
Операциялық қызметтен таза ақша қаражатының келуі		65,726,323	43,105,854
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды өтеуден түсімдер		294,151,950	100,498,466
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды сатып алу		(394,463,458)	(88,670,143)
Негізгі құралдарды сатып алу		(13,176)	(23,434)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(5,492)	(2,575)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза (кетуі)/келуі		(100,330,176)	11,802,314
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Жай акцияларды шығару	10	19,487,000	17,715,600
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза келуі		19,487,000	17,715,600
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (КЕМУІ)/АРУЫ		(15,116,853)	72,623,768
Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		-	1,077,079
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	5	79,576,372	5,875,525
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	5	64,459,519	79,576,372

Қор басшылығы атынан:

Қоғылов Б.Б.
Қор төрағасы

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан



Амирбекова Э.М.
Бас бухгалтердің м.а.

2017 ж. 28 ақпан
Алматы, Қазақстан

8-44 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 Желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер
(Қазақстандық мың теңгеде)

1. Ұйым

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (әрі қарай «ҚРҰБ») 1999 жылдың 15 қарашасындағы №393 Қаулысының негізінде құрылды.

2010 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 30190-1910-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу жайлы куәлігі Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Алматы қаласы Әділет департаментімен берілген. Қоғамды бастапқы тіркеу күні 20 желтоқсан 1999 ж. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінен алынған куәлікке сәйкес акционерлік қоғамның орналасқан жерінің өзгерісімен байланысты, Қорға жаңа тіркеу нөмірі меншіктелген №2979-1910-06-АО.

1999 ж. 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының статистика агенттігімен Қорға мемлекеттік топтастырғыш бойынша КҰЖТ 39097277 коды берілген.

Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша Салық комитеті 1999 жылдың 23 желтоқсанында Қорға сериясы 60 №115737 Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігін берді. Қорға БСН 991240000414 берілді.

2015 ж. 13 қаңтарындағы №11 НБ келісімшартына сәйкес, Қордың қаржылық активтерін жауапты сақтау мен сенімгерлік басқару бойынша қызметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жүзеге асырылады.

Қордың тіркеушісі болып 2012 жылдың 5 желтоқсанынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ саналады. Бағалы қағаз ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу бойынша тіркеушінің қызметі 2011 жылдың 28 желтоқсанында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңға енгізілген өзгерістерге байланысты құзіретті органдармен лицензияланбайды.

Өз қызметінде Қор Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы», «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызметтер туралы», «Қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге нормативті құқықтық актілерін, Қоғамның Жарғысын, Акционер және Қоғам директорлары Кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Міндеттері мен функциялары

Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 7 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес, Қордың негізгі міндеті болып келесілер табылады:

1. Қазақстан Республикасының қаржылық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
2. қосылу шарты* бойынша қатысушы-банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда салушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін, кепілдік берілетін депозиттерін қорғау.

Аталмыш міндеттерді орындай отырып, Қор мемлекеттің банктік жүйесіне сенімді тұрақты түрде сақтауға септігін тигізеді.

*Қосылу шарты – шарттары депозиттерге міндетті кепілдік берумен айналысатын ұйыммен анықталатын және жүйеге енетін барлық банктер үшін стандартты болып табылатын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

Қордың негізгі функциялары:

- депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мәжбүрлеп таратылған қатысушы-банкiнiң депозит салушы жеке тұлғаларына міндетті өтемақыны төлеу;
- кепілдік берілген өтемақыны төлеуге арналған арнайы қорды қалыптастыру;
- инвестициялық табысты алу мақсатында өз активтерін түрлі қаржылық құралдарға инвестициялау;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерiнiң орындауға міндетті Қосылу шарты мен өзге нормативтік актілердің шарттарын белгілеу;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банкiн консервациялау уақытында, сонымен қатар, қатысушы-банкi Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырғаннан кейін тағайындалатын уақытша әкімшілік құрамына қатысу;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банкiң және т.б. тарату комиссиясы мен комитеті құрамына қатысу.

Қордың филиалдары мен өкілеттіктері жоқ.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi арқылы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – «Мемлекет») болып табылады.

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 181 үй.

Нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 136 үй, БО «Пионер-3» БО (8-қабат).

Қордың берілген қаржылық есептілігін Қор басшылығы 2017 жылғы 28 ақпанда бекітті.

2. Есептілікті ұсыну қағидаттары

Сәйкестік жөніндегі мәлімдеме

Берілген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Берілген қаржылық есептілік Қор болашақта өз қызметін жалғастырады деген болжамға сүйене отырып жасалды.

Қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «мың теңге») ұсынылған.

Қаржылық есептілік тарихи құн бойынша есепке алу қағидаттарына сәйкес әзірленген, тек төменде түсіндірілгендей, қайта бағалау немесе әр есеп беру мерзіміне әділ құн бойынша есепке алынатын кейбір негізгі құралдар мен қаржылық құралдарды санамағанда.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызмет көрсету үшін берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн оның тікелей бақыланатынына немесе оның басқа әдістеме бойынша анықталуына тәуелсіз бағалау күніне сәйкес нарық қатысушылары арасында ерікті келісім шегінде міндеттеме тапсыру кезінде төленген немесе активті сату кезінде алынған сома ретінде анықталады. Активті немесе міндеттемені әділ құн бойынша бағалау кезінде Қор назарға актив немесе міндеттеменің сипаттамаларын нарық қатысушылары назар аударатындай қарастырады. Берілген қаржылық есептілікте бағалаулар және анықтаулар үшін әділ құн жоғарыда көрсетілген әдіспен анықталады, 17 ХҚЕС (IAS) бойынша реттелетін жалдау операцияларынан, сонымен қатар салыстырылатын, бірақ әділ құнға тең емес бағалауларынан басқа жағдайда (мысалы, 2 ХҚЕС (IAS) бойынша қорларды бағалау кезінде сатудың таза құны немесе 36 ХҚЕС (IAS) бойынша құнсыздануды бағалау кезінде қолдану құндылығы).

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)**
(Қазақстандық мың теңгеде)

Бұған қоса, қаржылық есептілікті дайындау кезінде әділ құн бойынша бағалау бастапқы мәліметтер қарастырылуына және бағалау үшін маңыздылығына байланысты деңгейлер бойынша жіктеледі (1-, 2 - немесе 3 –ші деңгей). Деңгейлер нарықтық деректердің негізінде әділ құнды тікелей анықтаудың мүмкіндігіне сәйкес келеді және әділ құнды бағалау кезінде пайдаланылған бастапқы деректердің тұтастай алғанда маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері белсенді нарықта баға белгіленімін түзетуді қажет етпейтін, бағалау күніне Қор қатынай алатын ұқсас активтер немесе міндеттемелер болып табылады;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері емес, бірақ актив немесе міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын баға белгіленімдері; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер.

Қор қаржылық жағдай туралы есептің баптарын өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржылық жағдай туралы (қысқа мерзімді) есептен кейінгі 12 ай ішінде және қаржылық жағдай туралы (ұзақ мерзімді) есептен кейін 12 айдан астам мерзім ішінде төлеу немесе өтеу бойынша деректердің топтамасы 20-ескертпеде берілген.

Функционалды валюта

Қордың қаржылық есептілігіне енгізілген баптар кәсіпорындағы қолданылатын алғашқы экономикалық ортаның валютасында өлшенеді (функционалды валюта). Қазақстандық теңге (теңге) Қордың функционалды валютасы болып табылады. Қазақстандық теңге осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Басқасы көрсетілмесе, қаржылық есептіліктегі барлық көрсеткіштер бүтін мың теңгеге дейін дөңгелектелген.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемесі өзара есепке алынады және, егер бұл үшін Қордың баланста танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды бекітілген құқығы болған және тараптардың берешекті өзара есепке алу арқылы реттеуге немесе активті өткізуге және бір мезгілде міндеттемені орындау ниеті болған жағдайда қаржылық жағдай туралы есепте сальдоланған сома көрсетіледі. Бухгалтерлік есеп стандарттарында немесе тиісті түсіндірмеде талап етілген немесе рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, кірістер мен шығыстар пайда немесе шығын туралы есепте өзара есепке алынбайды, бұл ретте осындай жағдайлар Қордың есеп саясатында бөлек ашылады.

Кірістерді тану

Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану

Қордың экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және табыс мөлшері шынайы анықталғанда қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс мойындалады. Пайыздық кірістер мен шығыстар есепке алу қағидатымен көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелердің амортизациялық құнын есептеуден тұрады (немесе қаржылық актив топтары /қаржылық міндеттеме топтары), сондай ақ, бұған тиесілі мерзімге пайыздық кіріс немесе пайыздық шығысты жатқызу жатады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – күтілетін мерзімге борыштық құралдарды өтегенше (пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша алынған немесе жасалған төлемдер және басқа сыйақылар немесе дисконттар) немесе одан қысқа мерзімге борыштық құралды есепке қабылдау сәтіндегі (мүмкін болса) теңгерімдік құнға дейінгі түседі деп болжанған ақшалай қаржының дисконттау мөлшерлемесі.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Егер қаржы активі немесе біртекті қаржы активтерінің тобы құнсыздану салдарынан есептен шығарылса (толықтай немесе жартылай), пайыздық мөлшерлеме құнсызданудан болған шығындарды есептеу мақсатында келешек ақша қаражатының ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемені есепке алумен анықталады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтер бойынша алынған пайыздар пайыздық кірістер ретінде жіктеледі.

Қатысушы банктердің жарналарынан түскен таза кірістер және тарату комиссиясының түсімдері

Қосылу шартының ережелеріне сәйкес, қатысушы банктің төлеген жарналары қайтарылмайды.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор дифференциялы жарналар жүйесін енгізді, онда қатысушы банктер санаттарға топтастырылады және тәуекелдің бағаланған деңгейі мен қаржылық тұрақтылығына байланысты рейтинг беріледі. Рейтингі төмен банктер үлкенірек көлемдегі жарналар аударады, себебі оларға тәуекелдің едәуір жоғары деңгейі тән. Тәуекел деңгейі төмен банктер азырақ көлемдегі жарна аударады. Қаржылық көрсеткіштерді талдау, тәуекелді бағалау және рейтинг иемдену үшін Қор «БАТА» дифференциялы жарналар жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдаланады.

«БАТА»-ны Қор қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының көлеміне қатысты әділ ережелерді орнатуға ғана емес, сонымен қатар Банктердің банкротқа ұшырауының алдын алу үшін де құрастырды. Заңнама белгілеген ережелерге сәйкес, қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары тоқсан сайын төленеді.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша кірістерді Қор өз бетінше жүргізген тоқсан сайынғы есептік бағалаулар негізінде мойындайды. Оларды есептеудің негізі болып қатысушы банктердің өткен тоқсандағы тиісті жарналарының сомасы табылады.

Қатысушы-банктерден есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінде алынған деректердің негізінде Қор есептік тоқсаннан кейінгі ай ішінде өткен тоқсанның міндетті күнтізбелік жарналары бойынша кірісті реттейді.

Қатысушы банк жарналарынан түскен таза кірістер мен тарату комиссиясының түсімдері – бұл Қорға таратылған банктердің депозит салушыларына кепілдемелік өтемақы төлеу бойынша келген шығындарды алып тастағандағы жоғарыда көрсетілген кірістер.

РЕПО шарттары және кері РЕПО шарттары бойынша кірістерді тану

Жоғарыда көрсетілген құралдарды сатудан туындаған пайда/шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы ағымдағы уақытқа дейін есептелінген кері сатып алу құны мен ондай құралдарды үшінші тараптарға сату құнының арасындағы айырмашылыққа байланысты пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс есебінде пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде танылады. Кері РЕПО/РЕПО операциясы бастапқы шарттармен орындалатын жағдайда бастапқы шарт аясында келісілген сату құны мен кері сатып алу құны арасындағы айырмашылық ретіндегі тиімді кірістілік/пайыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады.

Қаржы құралдарын тану және бағалау

Қор тиесілі қаржылық құралға қатысты шарттың тарабы болған кезде, қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер Қордың қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетіледі. Қор есеп айырысу күні бойынша стандартты тәртіппен сатып алынатын және сатылатын қаржылық активтер мен міндеттемелерді көрсетеді. Сатып алу немесе сату жөніндегі стандартты мәмілелер нормативтік актімен немесе нарықтық тәжірибемен орнатылған мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сату немесе сатып алу болып табылады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ең алдымен әділ құнмен бағаланады. Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) сатып алу немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығыстар бастапқы тану кезінде қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнын сәйкесінше арттырады немесе кемітеді. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей байланысты транзакциялық шығыстар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Қаржы активтері

Қаржы активтері келесі санаттарға жіктеледі: сатуға арналған («СА»), және несиелер мен дебиторлық берешек. Қаржы активтерін белгілі бір классқа жатқызу олардың ерекшеліктеріне және сатып ау мақсатына байланысты болады және оларды есепке алу кезінде орындалады.

Сатуға арналған қолданыстағы инвестициялар

САБҚА санатындағы қаржылық активтер сатуға арналған немесе (а) несиелер және дебиторлық берешек, (б) өтеуге дейін ұсталатын қаржылық салымдар, (в) пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде жіктелмеген туынды емес қаржы активтері болып табылады.

Ұйымдасқан нарық айналымындағы акциялар және жедел облигациялар «сатуға арналған» деп топталады және әділ құнмен көрсетіледі. Әділ құнының өзгерісі нәтижесінде пайда болатын кірістер мен шығыстар, басқа жиынтық кірісте инвестицияны қайта бағалау қоры құрамында мойындалады, оған пайда немесе шығында мойындалатын тиімді пайыздық мөлшерлеме, дивидендтік кіріс және бағамдық айырмашылық әдісімен есептелген және тұрақты сипатта болатын пайыздық табыстың құнсыздануы жатпайды. Қаржы активі есептен шыққанда немесе құнсызданғанда бұған дейін инвестицияларды қайта бағалау қорында танылған жинақталған кірістер немесе шығыстар есептен шығу немесе құнсыздану кезеңінде пайда мен шығындар құрамында көрсетіледі.

Сатуға арналған санатындағы шетел валютасындағы ақшалай активтердің әділ құны дәл сол валютада анықталады және есептік күндегі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Пайда немесе шығынға жатқызылатын бағамдық айырмашылықтар ақшалай активтің амортизацияланған құнына байланысты анықталады. Өзге бағамдық айырмашылықтар басқа жиынтық кірісте танылады.

Белсенді нарықта белгіленімдері жоқ және әділ құны сенімді бағаланбаған сатуға арналған санатындағы салымдар және үлестік бағалы қағаздар құнсыздану шығынын есептен шығарғандағы әр есептік мерзімге белгіленген өзіндік құнымен көрсетіледі.

Бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттары және кері РЕПО шарттары

Қызметі барсыныда Қор сату және кері сатып алу туралы келісімдерін (бұдан әрі – «РЕПО шарттары»), сонымен қатар қаржы активтерін сатып алу және кері сату келісімдерін (бұдан әрі – «кері РЕПО шарттары») жасайды. Қор РЕПО операциялары мен кері РЕПО операцияларын өтімділікті басқарудың бір құралы ретінде пайдаланды.

РЕПО мәмілелері – ақшалай немесе өзге сыйақыға қаржы активін басқа тарапқа беру туралы келісім, және бұл ретте алынған ақшалай немесе өзге сыйақыға, плюс жинақталған пайызға тең сомаға келешекте қаржы активтерін кері сатып алу бойынша міндеттеме бірге жүреді. РЕПО шарттары бойынша операциялар қаржыландыру операциялары ретінде есепке алынады. РЕПО шарттары бойынша сатылған қаржы активтері қаржылық есептілікте көрсетіле береді, ал ондай шарттар бойынша алынған қаражат активтер кепілмен қамтамасыз етілген алынған депозит ретінде көрсетіледі.

РЕПО кері сатып алу шарттары бойынша сатып алынған активтер қаржылық есептілікте бағалы қағаздар немесе өзге активтердің кепілімен қамтамасыз етілген депозитте орналастырылған қаражат ретінде көрсетіледі және банктердегі қаражата және/немесе клиенттерге берілген несиелер мен қаражат ретінде жіктеледі.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

Қор кәдімгі нарық практикасына сәйкес бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және қамсыздандыру беретін немесе алатын бағалы қағаздармен несие мәмілелерін жасайды. ҚР және басқа ТМД елдеріндегі кері сатып алудың стандарттын талаптарына сәйкес, қамсыздандыруды алушы мәміле бойынша есеп айырысу кезінде балама бағалы қағаздарды қайтару шартымен қамсыздандыруды сатуға немесе қайта алуға құқылы.

Контрагенттерге бағалы қағаздарды бергенде меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалар қоса берілсе ғана бұл мәміле қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Қаржылық активтер құнсыздануға қатысты әр есептік мерзімнің соңына бағаланады. Қаржылық активтер, қаржылық активті есепке алғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғаның салдарынан болашақта болжанған актив бойынша ақша ағымдарының төмендеуін дәлелдейтін объективті деректер бар болғанда құнсызданды деп саналады.

Басқадай қаржылық активтер бойынша объективті құнсыздану дәлелі болып келесі саналады:

- эмитенттің немесе контрагенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- шартты бұзу, мысалы пайызды немесе қарыздың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе қашқақтау;
- қарызгердің банкроттануының жоғары ықтималдығы немесе қаржылық қайта құрылуы;
- қаржылық қиындықтар себебімен аталмыш қаржылық актив үшін белсенді нарықтың жойылуы.

Қарыз және дебиторлық берешек сияқты, жеке-жеке құнсызданды деп танылмаған қаржылық активтердің жекеленген санаттары үшін құнсыздануға қатысты толығымен портфель бойынша бағаланады. Қарыздар және дебиторлық берешектің портфелі құнының төмендеуінің объективті белгісі болып, берешекті өндіріп алу, портфель бойынша берешекті өтеу кезінде кешіктіру санының өсуі жөніндегі Қордың бұрынғы тәжірибесі, сондай-ақ, төлем бойынша дефолтпен болатын ұлттық және жергілікті экономикада айқын өзгерістер табылады.

Амортизациялық құнмен есепке алынатын қаржылық активтер үшін құнсызданудан болған шығын мөлшері активтің теңгерімдік және қаржылық актив бойынша алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып дисконтталған, болжанған болашақтағы ақша ағымдарының құнының айырмашылығы ретінде анықталады.

Алғандағы құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер үшін құнсызданудан болған шығын мөлшері активтің теңгерімдік құны мен сәйкес қаржылық актив үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолданып дисконтталған, болжанған болашақтағы ақша ағымдарының құнының айырмашылығы ретінде анықталады. Бұндай шығындар алдағы мерзімде құнсызданудан қайта құрылуға жатпайды.

Құнсызданудан болған шығын барлық қаржылық активтердің теңгерімдік құнын тікелей азайтады. Бұған құны төмендеу резерв құру есебінен іске асырылған қарыздар мен дебиторлық берешек жатпайды. Қарыз бен дебиторлық берешек үмітсіз деп танылған жағдайда резерв арқылы есептен шығарылады. Резервтің өзгерістері пайда мен шығында көрінеді.

САБҚА санатындағы қаржылық актив құнсызданды деп мойындалса, басқадай жиынтық табыста жиналған табыстар мен шығындар пайда немесе шығын құрамына аударылады.

Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтің құнсыздануынан шығын мөлшері кейінгі мерзімде азайса, және бұндай азаю құнсыздану мойындалғаннан кейін болған оқиғаға қатысты болуы мүмкін болса, бұрын көрсетілген құнсызданудан болған шығын пайда және шығын есеп-шотынан қайта құрылады. Бұл кезде құнсызданудан болған шығынды қайта құру мерзіміндегі қаржылық активтің теңгерімдік құны құнсыздану мойындалмаған жағдайда көрсетілген амортизациялық құннан аса алмайды.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

САБҚА санатындағы бұрын пайда немесе шығында көрсетілген үлесті бағалы қағаз құнсыздануынан болған шығын қалпына келмейді. Бұндай активтердің құнсызданудан болған шығынды мойындаудан кейінгі әділ құнының кез келген ұлғаюы тікелей басқа жиынтық табыста көрсетіледі және инвестицияларды қайта бағалау қорының бабы бойынша жинақталады.

САБҚА санатындағы қарыздық бағалы қағаздарға қатысты құнсызданудан болған шығын пайда немесе шығын арқылы қалпына келмейді. Бұл қаржылық салымдардың әділ құнының ұлғаюы құнсызданудан болған шығынды мойындаудан кейін болған оқиғаға қатысты болуы мүмкін.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Қаржы активтері бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтардың күші жойылғанда немесе қаржы активі мен тиісті тәуекелдер мен пайдаларды басқа тарапқа берген жағдайда Қор қаржы активтерін тануды тоқтатады. Егер Қор активті иеленуден болатын барлық негізгі тәуекелдер мен пайдаларды бермесе және сақтап қалмаса, бірақ берілген активті бақылауды жалғастырса, Қор сол активтегі өзінің үлесін және онымен байланысты тиісті сомаларды төлеу бойынша мүмкін міндеттемелерді көрсетуді жалғастырады. Егер Қор берілген қаржы активін иеленуге байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалса, ол бұл активті есепте көрсетуді жалғастырады, ал беру кезінде алынған қаражатты кепілдікке алынған несие ретінде көрсетеді.

Қаржылық актив толық есептен шығарылғанда активтің теңгерімдік құны мен алынған және алынатын сыйақы сомасы арасындағы айырмашылық, сонымен қатар, басқа жиынтық табыста мойындалған және капиталда жинақталған жиынтық пайда немесе шығын пайда немесе шығынға жатады.

Егер қаржылық активті мойындау толығынан тоқтатылмаса (мысалы, берілген активтің бөлігін сатып алу мүмкіндігін Қор өзінде сақтайды) Қор қаржылық активтің алдыңғы теңгерімдік құнын мойындайтын және мойындамайтын бөлігі арасында бөліп орналастырады. Теңгерімдік құн және алынған сыйақы арасындағы айырмашылық және жиынтық табыста мойындалған кез келген жинақталған пайда немесе шығындар пайда мен шығынға жатады. Басқа жиынтық табыста мойындалған табыстар мен шығындар ұсталған және есептен шығарылған бөлімдерінің әділ құнына пропорционалды болады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Белсенді нарықта бағасы белгіленгенбейтін, белгіленген немесе белгіленбеген төлемдерге ие туынды емес қаржылық активтер. Бастапқы бағалағаннан кейін несие және дебиторлық берешек құнсыздану резервін алып тастағандағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен амортизациялық құн бойынша есептеледі. Амортизациялық құн сатып алу кезінде пайда болған жеңілдіктер мен сыйақыларды ескере отырып есептеледі және пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссия алымдары мен келісім жасау бойынша шығындарды қамтиды. Пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалану негізіндегі амортизация мерзімінің пайдасы не шығындарында қаржыландырудан түскен табыс құрамына қосылады. Активті мойындауды тоқтату кезінде пайда болатын пайда мен шығындар мерзімнің пайдасы мен шығынында белгіленеді.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің дебиторлық берешегін Қор өз бетінше жүргізілген тоқсан сайынғы есептік бағалау көлемінде мойындайды. Оларды есептеу негізі болып қатысушы-банктердің өткен тоқсандағы салуы тиіс салымдарының сомасы саналады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес, қатысушы-банктің жарналар көлемі мен төлеу тәртібі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымды басқару органымен анықталады. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ директорлар кеңесінің 2006 жылдың 30 қазанындағы №32 хаттамасымен бекітілген Қосылу келісімінің (әрі қарай «Қосылу Келісімі») ережелеріне сәйкес, қатысушы-Банк міндетті күнтізбелік жарналарды есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін төлеуге міндеттенеді.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Алынуы тиіс салымдар көлемі міндетті күнтізбелік салым мөлшерлемесін қатысушы-банктің есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніне дейінгі қалыптағы кепілдік берілетін барлық депозиттерінің жалпы сомасына қолдану арқылы анықталады.

Есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінде қатысушы-банктерден алынған деректердің негізінде Қор есептік тоқсаннан кейінгі айдың ішінде, өткен тоқсанда алынатын салымдарды реттеуді жүзеге асырады. Қор берілген классификациялық топ және салым мөлшерлемесін анықтап, олар жайлы қатысушы-банктерге тоқсан сайын ескертіп отырады, ал Банктер міндетті күнтізбелік жарналарды өз бетінше есептейді және аударады, ал өз кезегінде, Қорға қатысушы-банктердің міндеттемелерді орындауының растығы мен уақытында орындауын бақылау міндеті жүктеледі.

Өзге қаржы міндеттемелері

Өзге қаржы міндеттемелері бастапқыда транзакциялық шығасыларды шегергендегі әділ құны бойынша көрсетіледі.

Кейіннен өзге қаржы міндеттемелері амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржы міндеттемесінің амортизацияланған құнын есептеу үшін және пайыздық шығыстарды сәйкес кезеңге үлестіру үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – тосатын мерзімге қарыздық инструментті жапқанша немесе одан қысқа мерзімге қарыздық инструментті есепке қабылдау сәтіндегі (мүмкін болса) теңгерімдік құнға дейінгі түседі деп болжанған ақшалай қаржының дисконттау мөлшерлемесі (пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын қаржылық инструмент бойынша алынған немесе жасалған төлемдер және басқа сыйақылар немесе дисконттар).

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Егер де міндеттеме жабылса, күші жойылса немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған болса, қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық жағдайды мойындау тоқтайды. Егер қаржылық міндеттеме дәл сол несиенің алдындағы маңызды түрде өзгешеленетін өзге міндеттемен алмастырылатын болса, немесе ағымдағы қаржылық міндеттеменің шарттары маңызды түрде өзгертілсе, мұндай алмастыру немесе өзгертулер бастапқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындауды бастау ретінде есептеледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырмашылық пайда мен шығындарда мойындалады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары - бұл Қордың банктік шоттарындағы қаражат. Ақша қаражатының баламалары - бұл үш айдан аспайтын жабу мерзіміне ие және құнының өзгеруінің тәуекелі аз ақша қаражатының белгілі сомасына конвертациялауға дайын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар, сонымен қатар, банктік овердрафттар. Ақша қаражаты мен оның баламалары өз құрамында ҚР ҰБ Монетарлық операциялар басқармасындағы (МОБ) ағымдағы шоттағы өзіндік ақшалай қалдықтарды, ҚР ҰБ сақтау, депозиттік, инвестициялық және өзге шоттардағы, «Казкоммерцбанк» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ақша қаражатының қалдықтарын қамтиды.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар алу сәтінде қаржылық есептілікте өз құрамында оларды сатып алу бойынша жүргізілген қажетті шығындарды қамтитын өзіндік құны бойынша бейнеленеді.

Кейіннен олар жинақталған амортизация мен жинақталған құнсыздану шығындарын алып тастағандағы өзіндік құнмен есептеледі.

Осы активтердің пайдалы пайдаланудың орташа бағаланған мерзімі 3-10 жыл арасында анықталған.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Осы активтердің ликвидациялық құны- бұл пайдалы пайдалану мерзімінің аяғында негізгі құралдар объектілерінің техникалық қалпы күтілетін қалыпқа сәйкес келетін болады деген жорамалмен, жүзеге асыру шығындарын алып тастағанда, қоғам оны сатқан жағдайда алу мүмкін соманың бағамдық мәні.

Ликвидациялық құн, пайдалы пайдалану мерзімі және амортизация әдістері талданады және қажет жағдайда, әрбір есептік жылдың соңында түзетіледі.

Осы активтердің кейінгі шығындары активтің теңгерімдік құнына қосылады және осы активпен байланысты келешек экономикалық табыстарға Қор қол жеткізеді және осы активтің құны сенімді түрде бағалана алады деген ықтималдылық болған жағдайда ғана ол жеке актив ретінде мойындалады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық өзге шығындар өздері пайда болған мерзімнің табыстары мен шығындарында бейнеленеді.

Осы активтерді есептен шығару олар істен шыққан жағдайда немесе, егер келешекте аталмыш активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық табыстар алынады деп күтілмесе орын алады. Активті шығару нәтижесінде пайда болатын пайда мен шығын (активтің шығуы және теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) актив есептен шыққан есептік мерзімдегі жиынтықты табыс жайлы есептің табыстары мен шығындарына қосылады.

Амортизация осы активтердің нақты немесе бағалау құнын есептен шығару үшін есептеледі (жер телімдерін және құрылысы аяқталмаған объектілерді санамағанда), бұдан пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішіндегі тарату құнын алып тастау керек. Пайдалы қолдану болжамды мерзімі, теңгерімдік құн және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік мерзімнің соңында талданады, бұл кезде бағалаудағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қараусыз көрсетіледі.

Материалдық емес активтер

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, соңғы пайдалану мерзімдері бар материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды есептен шығарғанда сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қолдану кезінде бірқалыпты есептеледі. Пайдалы қолданудың болжамды мерзімі және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік мерзімнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қараусыз көрсетіледі. Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған пайдалану мерзімдері белгісіз материалдық емес активтер нақты сатып алу шығындары бойынша құнсызданудан жиналған шығынды есептен шығара отырып есептеледі.

Амортизация 3 жылды құрайтын объектілердің пайдалы қызмет етуінің бағаланған мерзімі ішінде құнын есептен шығарудың біртекті әдісі негізінде есептеледі.

Материалдық емес активтерді есептен шығару

Материалдық емес актив сатылғанда немесе оны қолданғанда немесе шығарылғанда экономикалық пайда түспесе, есептен шығарылады. Таза түсім мен активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылықтан тұратын материалдық емес активті есептен шығарғандағы табыс немесе шығын активті есептен шығару кезіндегі пайда немесе шығынға жатады.

Салық салу

Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтың сомасы болып табылады. Қор салық есебін ҚР кодексінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» (бұдан әрі «ҚР Салық кодексі») жүргізеді. ҚР Салық Кодексінің 99 бабының 1 тармағының 16 тармақшасы негізінде 01.01.2014 жылы енгізілген «жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резерв активтерін инвестициялаудан алынған және оны ұлғайтуға бағытталған инвестициялық табыстары алып тасталуға жатады» Қор корпоративтік табыс салығын салуға жатпайды.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)**
(Қазақстандық мың теңгеде)

Осыған байланысты, Қор «Екінші дейгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңының 7 бабының 2 тармағының 7 тармақшасына сай өз активтері мен арнайы резервтің активтері бойынша бөлек бухгалтерлік есеп жүргізеді.

Салықтық тәуекелдерді бағалау кезінде басшылық ықтималды жағдаяттар ретінде Қор дауласа алмайтын немесе егер де қосымша салықтарды салықтық ұйымдар салған болса, оған табысты түрде шағымды түсіруге болады деп есептемейтін салықтық заңнаманы сақтамаудың белгілі бір салаларын қарастырады. Мұндай анықтама маңызды пайымдауларды беруді талап етеді және салықтық заңнама мен нормативті-құқықтық актілердегі өзгерістер, өз шешімін күтіп жатқан салықтық анықтау жұмыстары бойынша күтілетін нәтижелерді анықтауды және салықтық ұйымдардың сәйкестілікке тексерісі бойынша қорытындылары нәтижесінде өзгере алады.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстардың сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайда мөлшерінің ескере отырып анықталады. Салық салынатын пайда пайда мен шығындар туралы есепте көрсетілген таза пайдадан ерекшеленеді, себебі оған басқа жылдарда салық салу мақсаттары үшін салық салуға немесе шегеруге жататын кірістер немесе шығыстардың баптары кірмейді, сонымен қатар салық салынбайтын және шегерілмейтін баптар кірмейді. Қордың ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстары есептік кезең ішінде қолданылатын салық мөлшерлемелерін пайдалану арқылы есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есептік мерзімде қаржылық есептілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың теңгерімдік құны арасындағы барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме салық салынатын барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер келешекте уақыттық айырмашылықтарды пайдалану үшін салық салынатын баланстық пайда болуының мүмкіндігі жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақыттық айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі. Егер уақыттық айырмашылықтар салық салынатын пайдаға немесе бухгалтерлік пайдаға әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерді қоспағанда) аясында активтер мен міндеттемелерді алғашқы тану салдарынан туындаса, салықтық активтер мен міндеттемелер қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтің баланстық құны әрбір есептік мерзімде қайта қарастырылады және егер кейінге қалдырылған салықтық активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табыс алынады деген ықтималдылық аз болса, төмендейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер актив жүзеге асырылатын, ал міндеттемелер жабылатын есептік мерзімде пайдаланылатын болады деп күтілетін салықтық мөлшерлемелер бойынша, есептік мерзімдегі қалып бойынша күшіне енетін немесе іс жүзінде күшіне енген салықтық мөлшерлемелер (және салықтық заңнама) негізінде бағаланады.

Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы

Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы пайда немесе шығындарда танылады, тек олар өзге жынттық кіріс немесе меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілетін баптарға жататын жағдайлардан басқа. Бұндай жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сәйкесінше өзге жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда танылады.

Операциялық салықтар

Қор өз қызметін жүргізетін Қазақстан Республикасында Қор қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте өзге операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Резервтік капитал

Заңнама талаптары және Қоғамның құрылтайшылық құжаттарына сәйкес қалыптастырылады. Қор резервтік капиталды болжау мүмкін емес тәуекелдер мен келешек шығындарды жабу үшін есептік мерзімнің нәтижелері бойынша алынған таза пайданың бөлігін аудару есебінен қалыптастарды. Резервтік капитал үлестірілмейді.

Арнайы өтеу резерві

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес, кепілдемелік өтемақыны төлеумен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін, Қор қатысушы банктердің жарналарының есебінен, қосылу келісімшарттары бойынша белгіленген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін қолданылатын тұрақсыздық айыптарының, мәжбүрлеп таратылып отырған қатысушы-банктің Қордың кепілдемелі өтемақылық сомалар бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша қаражаты, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес пайданы үлестіру есебінен арнайы өтеу резервін қалыптастырады. Арнайы өтеу резервін Қор қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату жағдайында депозит салушыларға кепілдемелік өтемақыны төлеу мақсатында қалыптастырады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы өтеу резерв көлемі қатысушы банктердегі кепілдік берілетін барлық депозиттердің сомасынан 5% кем емес көлемді қамтиды.

Төлемдер бойынша зейнеткерлік және өзге міндеттемелер

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, жұмыс беруші зейнеткерлік жарналарды жалақыға кеткен шығыстардан белгілі пайыз ретінде есептеледі және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға аударылады. Мұндай шығыстар қызметкерлерге тиісті төлемдер жасалған кезеңде пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Қызметкер зейнетке шыққан кезде барлық зейнеткерлік төлемдерді сол зейнетақы қоры жасайды. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа қосымша зейнетақымен қамсыздандыру бағдарламаларына қатыспайды. Бұған қоса, Қор қызметкерлер зейнетке шыққан соң оларға ешқандай жәрдемақылар төлемейді немесе есептелуі тиіс өзге де елеулі жәрдемақылар бермейді.

Операциялық жалға беру

Қор жалға алушы ретінде

Жалға беруші жалға беру объектісіне меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен табыстарды сақтап отыратын активтерді жалға алу операциялық жалға алу болып есептеледі. Операциялық жалға алу келісімшарты бойынша төлемдер жалға алу мерзімі ішіндегі шығындарға біртекті шығарылады және өздерінің функционалды арналымдарына сәйкес жиынтық кіріс туралы есептің шығындары құрамында ескеріледі.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Провизиялар

Қордың бұрында болған қандай да бір оқиға нәтижесінде туындаған міндеттемесі (занды немесе конклюдентті) болған жағдайда, және оны реттеу үшін экономикалық пайдасы бар ресурстардың кетуі талап етілетін жағдайлардың туындау мүмкін болып, міндеттеменің мөлшерін сенімді түрде бағалау мүмкін болған жағдайда провизиялар танылады.

Шетел валютасы

Қордың қаржылық есептілігін дайындау барысында Қордың функционалдық валютадан басқа валюталардағы («шетел валютасы») операциялар сол операция жасалған күндегі айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай баптар есептілікті дайындау күніндегі тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында берілген әділ құны бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күніндегі айырбас бағамдары бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада берілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындаған ақшалай баптар бойынша бағамдық айырмашылықтар олар туындаған кезеңдегі пайда мен шығында көрсетіледі.

Қор 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған жыл соңындағы айырбас бағамдары 1 АҚШ доллары үшін сәйкесінше 333.29 теңгені және 340.01 теңгені құрады.

3. Бағалаудағы елеулі жорамалдар және белгісіздік көздері

Қордың есеп саясатын қолдану кезінде басшылық басқа көздерден тікелей алуға болмайтын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны туралы бағалау, жорамалдар мен пайымдауларды жасау қажет. Бағалау мәні мен оның негізіндегі пайымдаулар өткен тәжірибе мен белгілі бір жағдайларға қатысты өзге де факторлардан құрылады. Нақты нәтижелер берілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар мен оларға байланысты пайымдаулар үнемі қайта қарастырылып отырады. Бағалаудағы өзгерістер егер өзгерістер тек сол кезеңге ықпал етсе, бағалау қайта қарастырылған кезеңде, немесе өзгеріске қатысты кезеңде және егер өзгерістер ағымдағы және келешектегі кезеңдерге әсер етсе келешек кезеңдерде көрсетіледі.

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Төменде елеулі жорамалдар көрсетілген, Қор басшылығы Қордың есептік саясатын қолдану кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздік (төменнен қараңыз) бар және қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер ететін жорамалдарды қоспағанда.

Кепілдендірілген өтеуді төлеу үшін Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшері

Қор басшылығы бағалаулардың негізгі белгісіздік көздері болып табылатын кепілдік берілген депозиттерді төлеу резервінің мақсатты деңгейін анықтауда пайдаланылатын есептің жорамалдарын тұрақты түрде бағалайды, себебі (а) олар кезеңнен кезеңге қатты өзгерістерге ұшырауы мүмкін, себебі қатысушы банктерге қатысты келешек шығындар нормасы туралы жорамалдар және Қордың мүмкін шығындарын бағалау ағымдағы күнгі нақты көрсеткіштерге негізделген, және (б) Қор шығынының бағалау мәні мен Қордың нақты кеткен шығындары арасында елеулі айырмашылық болған жағдайда резервтерді құру қажеттілігі туындауы мүмкін, ал олар кейінгі кезеңдерде қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)**
(Қазақстандық мың теңгеде)

Кепілдендірілген өтеуді төлеу үшін арнайы резерв құру үшін пайдаланылуы мүкін сомаға («Резерв») жарғылық капиталдың 70%, қатысушы банктерден алынған жарналарды, соның ішінде мерзімі өткізілген жарналар үшін айыппұлдарды, қатысушы банктерді тарату кезінде Қор талаптары бойынша алынған ақша қаражаты және таза алынған пайда кіруі мүмкін. Резервтің мақсатты мөлшері барлық қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерінің жалпы сомасының 5% кем болмауы керек. Резерв қатысушы банкті таратқан жағдайда кепілдік берілген салымдарды өтеу үшін ғана пайдаланыла алады.

Қор резервтің мақсатты деңгейін Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының (IADI) кеңестеріне сәйкес әзірленген және 2016 жылы Қордың Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі әдістемесі негізінде анықтайды. Әдістеме қатысушы банктердің қаржы көрсеткіштеріне негізделген міндетті резервтердің көлемін дефолт ықтималдығының және дефолт жағдайында болатын шығындарды бағалаудың әртүрлі деңгейлерін белгілеп бағалайды. 2016 және 2015 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша резервтің мақсатты деңгейі қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасынан тиісінше 6.3% және 5.8% ретінде анықталды.

Кейінге қалдырылған салық активтерін өтеу мүмкіндігі

Қор басшылығы есепті күні кейінге қалдырылған салық активтеріне қатысты резерв құру керек еместігіне сенімді, себебі кейінге қалдырылған салық активтері жоғары ықтималдықпен толықтай сатылады. 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны сәйкесінше 8,779 мың теңге және 9,788 мың теңгені құрады.

Пайдаланылмаған депозиттерді өтеу бойынша резервтер

Депозиттер бойынша пайдаланылмаған өтемақылар бойынша резервтер реттеуші орган ретінде ҚРҰБ алынатын ақпарат негізінде Қор банк секторының тұрақтылығын бағалайтын кепілдік берілген ұйымға (депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктеріне) араласу нәтижесінде осы міндеттемені бағалау үшін Қордың ең үздік бағалауы болып табылады.

Бұндай резервтер оқиғаның орын алуы 50% артық ықтимал болған кезеңде танылады. 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ондай ықтималдық анықталған жоқ.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор банк жүйесінің тұрақтылығын және пайдаланылмаған депозиттерді өтеу бойынша міндеттемені бағалады және оны 16-ескертпеде көрсетті.

4. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) қолдану

Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер ағымдағы кезеңде алғаш рет қолданылды және осы қаржылық есептілікте ұсынылған қаржылық көрсеткіштерге әсер етті.

- ХҚЕС (IAS) 1 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Кейбір амортизация әдістерін қолдануға рұқсат беруді түсіндіру» түзетулер;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2012-2014 жж. кезең.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

ХҚЕС (IAS) 1 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» түзетулер

Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданды. Түзетулерге сәйкес, егер қандай да бір ХҚЕС талабына сәйкес ашылуы тиіс, алайда елеулі емес болып табылатын ақпаратты ұйым ашуға міндетті емес. Сонымен қатар, түзетулерде ақпаратты ашу мақсатында біріктіру және біріктірмеу жөнінде нұсқаулық көрсетілген. Бұл ретте, түзетулердің түсіндіруінше, егер ХҚЕС барлық талаптарын орындау қаржылық есептілікті пайдаланушыларға белгілі бір операциялардың, оқиғалардың және шарттардың ұйымның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін түсінуге мүмкіндік бермесе, қосымша ақпаратты ашу қажеттілігін қарастыру қажет.

Сонымен қатар, түзетулердің түсіндіруінше, үлестік қатысу бойынша есепке алынатын қауымдастырылған ұйымдардың және бірлескен кәсіпорындардың өзге жиынтық кірісіндегі ұйымның үлесі Топтың өзге жиынтық кірісінен бөлек ұсынылып, басқа ХҚЕС сәйкес (i) кейіннен пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелмейтін; (ii) белгілі бір шарттарды орындаған жағдайда пайда немесе шығын құрамында кейіннен қайта жіктелетін баптарда үлес бөлек ұсынылуы тиіс.

Қаржылық есептіліктің құрылымына қатысты түзетулер ретке келтірілген ұсынудың немесе ескертпелерді топтаудың мысалдарын қамтиды.

Осы түзетулерді қабылдау Қор қызметінің нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Кейбір амортизация әдістерін қолдануға рұқсат беруді түсіндіру» түзетулері

Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданды. ХҚЕС (IAS) 16 түзетулері негізгі құралдарды түсімге пропорционалды түрде амортизациялауға тыйым салады. ХҚЕС (IAS) 38 түзетулер енгізген соң түсім материалды емес активті амортизациялау үшін тиісті негіз болмайтыны жайлы теріске шығарылатын жорамал енгізеді. Бұл жорамал тек келесі екі ескертілген жағдайда ғана теріске шығарылады:

- a) егер материалды емес актив түсімді бағалау ретінде көрсетілсе; немесе
- b) егер түсім мен материалды емес активті түрлендіретін экономикалық пайданы қолдану арасындағы тығыз байланысты көрсететін болса.

Қазіргі уақытта Қор негізгі құралдар мен материалды емес активтердің желілік амортизациялау әдісін қолданады, сондықтан бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2012-2014 жылдар кезеңі

Қор бұл түзетулерді ағымдағы жылы алғаш рет қолданды. «Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдірулері, 2012-2014 жж. кезең» төменде берілген әртүрлі ХҚЕС түзетулерін қамтиды.

ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері берілген активтерге қатысты ақпаратты ашу мақсатында берілген активтегі жалағасатын қатысуға қызмет көрсету шарты болып табылатынын немесе табылмайтынын анықтау үшін қосымша нұсқаулықты қамтиды.

Бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне әсер тигізген жоқ.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Қор төмендегі шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»²;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім» (және ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулері)²;
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»³
- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» түзетулері¹;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Жұмсалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» түзетулері¹;
- ХҚЕС (IFRS) 4 «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолдану» түзетулері, ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» бірге²;
- ҚЕТХК (IFRIC) 22 «Шетел валютасындағы операциялар және өтемақыны алдын ала төлеу»²;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2014-2016 жж. кезең.

¹ Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

² Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

³ Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

⁴ Күшіне ену күні кейінірек белгіленеді, мерзімінен бұрын қолдану мүмкін.

«Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС (IFRS)

2009 жылғы қарашада шығарылған 9-ХҚЕС (IFRS) қаржы активтерін жіктеу және бағалау бойынша жаңа талаптар енгізді. 2010 жылғы қазанда 9-ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер енгізілді және қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау жөніндегі және қаржы құралдарын тануды тоқтату жөніндегі жаңа талаптар енгізілді, 2013 жылғы қарашада хеджирлеуді есепке алуға қойылатын жаңа талаптар шығарылды. 2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9-ХҚЕС-тің (IFRS) түпкілікті нұсқасын шығарды, онда қаржы активтерінің құнсыздануын есепке алу жөніндегі талаптар, сондай-ақ қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға қатысты талаптардың кейбір өзгерістері енгізіледі. 9-ХҚЕС (IFRS) ағымдағы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39-ХҚЕС-ті (IAS) ауыстырады.

9-ХҚЕС-тің (IFRS) басты талаптарына сәйкес:

- **Қаржы активтерін жіктеу және бағалау.** Қаржы активтері шеңберінде олар ұсталатын бизнес-модельге және шартта көзделген ақша қаражаттары ағындарының сипаттамаларына қатысты жіктеледі. Атап айтқанда, мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар және осындай ақша ағындарына негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды төлеу ғана кіреді, әдетте, бастапқы танылғаннан кейін амортизациялық құны бойынша бағаланады. 9-ХҚЕС-тің (IFRS) 2014 шығарылған нұсқасы мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алумен және сол сияқты қаржы активтерін сатумен қол жеткізетін бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар үшін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құралдардың санатын енгізеді, бұл ретте шартта көзделген ақша ағындарына негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды төлеу ғана кіреді. Осындай құралдар басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Барлық басқа да борыштық құралдар және үлестік бағалы қағаздар әділ құны бойынша бағаланады. Сонымен қатар, 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес кәсіпорындар басқа да жиынтық кірістің құрамындағы үлестік құралдың (саудаға арналмаған) әділ құнындағы кейінгі өзгерістерді және дивидендтер бойынша кірісті ғана – пайда немесе зиян құрамында есепке алуды жоюға жатпайтындай таңдау алады.
- **Қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау.** Қаржы міндеттемелері 39-ХҚЕС-тің (IAS) талаптарына ұқсас жіктеледі, алайда, ұйымның меншікті кредиттік тәуекелін бағалауға қойылатын талаптарда айырмашылықтар бар. 9-ХҚЕС (IFRS) , егер міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекел өзгерістерінің әсер етуін басқа да жиынтық кіріс құрамында тану пайдадағы немесе зияндағы есептік теңгерімсіздікті құруға немесе ұлғаюына әкеп соқпаса, қаржы міндеттемелерінің әділ құны өзгерістерінің осы

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

- міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгерістеріне байланысты сомасының басқа да жиынтық кірісте танылуын талап етеді. Әділ құнның қаржы міндеттемелерінің кредиттік тәуекеліне байланысты өзгерістері кейіннен пайдада немесе зиянда қайта жіктелмейді.
- **Құнсыздану.** Есепті жылы шығарылған 9-ХҚЕС (IFRS) нұсқасы 39-ХҚЕС-те (IAS) көзделген келтірілген кредиттік зиян моделінің орнына қаржы активтерінің құнсыздануын бағалау үшін күтілетін кредиттік шығындар негізінде модельді енгізеді. Күтілетін кредиттік шығындарға сәйкес ұйымдар күтілетін кредиттік шығындарды және бастапқы тану күнінен бастап кредиттік тәуекелдің өзгеруі көрсетіле отырып, олардың әрбір есепті күні өзгеруін таниды. Басқа сөзбен айтқанда кредиттік шығындарды көрсету үшін орын алған құнсыздануды куәландыратын оқиғаның туындауы міндетті емес.
 - **Хеджирлеуді есепке алу.** Хеджирлеуді есепке алудың жаңа үлгісі енгізілуде. Оның мақсаты қаржылық және қаржылық емес баптарды хеджирлеу кезінде тәуекелдерді басқару жөніндегі басшылықтың іс-қимылымен бірге хеджирлеуді есепке алуды үйлестіру. 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес хеджирлеуді есепке алуды қолдануға болатын операциялар мерзімі кеңейтілді, атап айтқанда хеджирлеу құралдары ретінде белгілеуге болатын жаңа құралдар пайда болды, бұдан басқа қаржылық емес баптардың бөлшектері енді хеджирленетін баптар ретінде жіктелуі мүмкін. Бұдан басқа хеджирлеу тиімділігін бағалау хеджирлеу құралы мен объекті арасындағы экономикалық қатынастар қағидатына ауыстырылды. Хеджирлеу тиімділігін ретроспективті бағалау енді талап етілмейді. Бұдан басқа тәуекелдерді басқару жөніндегі ұйымның қызметі турал ақпаратты жариялау бойынша кеңейтілген талаптар енгізілді.

Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерді, сондай-ақ осы күндегі фактілер мен жағдайларды талдау негізінде Қор басшылығы ХҚЕС (IFRS) 9 Қордың есептілігіне әсерінің келесі алдын ала бағалауын жүргізді:

Жіктеу және бағалау

- 6-ескертпеде көрсетілгендей, сатуға арналған инвестициялар ретінде жіктелген корпоративтік облигациялар әділ құны бойынша бағаланады: мұндай құралдар шартпен көзделген ақша ағындарын алумен және ашық нарықта облигацияларды сатумен мақсаты орындалатын бизнес модель аясында ұстап қалынады, бұл ретте шартты талаптар қарыздың негізгі сомасын және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу болып табылатын ақша қаражатын белгілі бір күндерде алуды қарастырады;
- барлық басқа қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ХҚЕС (IAS) 39 секілді ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес көрсетіледі.

Құнсыздану

ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану бойынша талаптар амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын активтерге, (IFRS) 9 сәйкес әділ құны бойынша бағаланатын корпоративтік облигацияларға қатысты қолданылады.

Қор өзге қаржы активтеріне қатысты бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындарды тануды қарастыратын жеңілдетілген әдісті қолдануды жоспарлап отыр. Олардың тұрақты сыртқы несиелік рейтингтер берілген 6 ескертуде сипатталғандай, корпоративтік облигациялардың кредиттік тәуекелін бағалау үшін Қор басшылығы, сондай-ақ осы активтерге қатысты 12-айлық күтілетін кредиттік шығындарды тануға жоспарлап отыр.

Жалпы, басшылық ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кредиттік шығындардың моделін қолдану кредиттік шығындарды бұрын тануға әкеледі деп күтеді және қазіргі уақытта қаржылық есептілік үшін жаңа құнсыздану моделінің әсерін бағалауда.

Жоғарыда аталған әсерді бағалау 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнгі жағдай бойынша қолда бар фактілер мен мән-жайлар негізінде Қордың қаржылық активтері мен қаржы міндеттемелерін талдау негізінде жасалды. Фактілер мен жағдайлар ықтимал әсерін бағалау 2018 жылдың 1 қаңтарына (ХҚЕС (IFRS) 9 күтілетін бастапқы қолдану күні, Қор стандартты ерте қолдануға жоспарламайтынын ескере отырып) дейін өзгеруі мүмкін болғандықтан, сондай-ақ қайта қаралуы мүмкін.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

15 ХҚЕС (IFRS) «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім»

Клиенттермен шарттар бойынша түсімді есепке алудың бірыңғай кешенді үлгісі
15-ХҚЕС (IFRS) белгіленген.

15-ХҚЕС (IFRS) күшіне енгеннен кейін қолданыстағы 18 «Түсім» ХҚЕС (IAS), «Құрылысқа арналған шарттар» 11-ХҚЕС (IAS) стандарттарын барлық тану жөніндегі стандарттарды және тиісті түсіндірмелерді ауыстырады.

15-ХҚЕС (IFRS) негізгі қағидаты ұйымның клиенттерге уәде берілген тауарлар беру мен қызметтерді көрсету сәтінде немесе беруіне қарай Кәсіпорын күткендей сыйақыға сәйкесетін сомада тануға тиіс болатынын білдіреді. Атап айтқанда стандарт клиенттермен жасалатын барлық шарттарға бес кезеңнен тұратын бірыңғай модельді қолдануды ұсынады. Тауарлар мен қызметтерге айырбастауға құқығы болатын модельдердің бес кезеңі мыналарды қамтиды:

- Сатып алушымен шартты (шарттар) анықтау; Шарт бойынша орындаушы міндеттерін анықтау;
- Мәміле бағасын анықтау;
- Шарт бойынша мәміле бағасын орындаушының міндеттемелеріне бөлу;
- Шарт бойынша орындаушы міндеттемелерін орындаған сәтте немесе орындауына қарай түскен түсімді тану

15-ХҚЕС (IFRS) сәйкес ұйым орындаушы міндеттемелерінің қашан немесе қалай орындалуына қарай яғни орындаушының міндеттемелерін құрайтын тауарларды немесе қызметтерді бақылау клиентке ауысқан кезде түсімді таниды. Стандарт есепке алудың мұндай мәселелері бойынша түсімді тану сәті, ауыспалы сыйақыны, шарттарды жасау және орындауға байланысты шығындарды және басқаларды есепке алу секілді анағұрлым айқын нұсқауларды енгізеді. Бұдан басқа 15-ХҚЕС (IFRS) кең көлемде ақпаратты ашу жөнінде талап етеді.

2016 жылғы сәуірде ХҚЕС бойынша Кеңес, орындаушы міндеттерін анықтау, «принципал-агент» қатынастарын талдау, сонымен қоса лицензиялау бойынша басқаруды қолдануға қатысты 15 ХҚЕС (IFRS)-ке түзетулерді шығарды.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» операциялық және қаржылық жалдау арасындағы айырмашылықтарды жойып, бірыңғай есепке алу моделіне сәйкес барлық дерлік жалдау шарттарына жалға алушының балансында тануды талап етеді. Бұл ретте, жалға берушінің есепке алу тәртібі өзгерусіз қалады және ол операциялық жалдау мен қаржылық жалдау арасындағы бөлу сақталады.

ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалға алушы пайдалану құқығы болып табылатын жалдау бойынша активті және міндеттемені таниды. Пайдалану құқығы болып табылатын актив басқа қаржылық емес активтер секілді есепке алынады, соның ішінде амортизацияны есептеу, ал міндеттемеге пайыздық кіріс есептеледі. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартында көзделген мөлшерлеме бойынша дисконтталған жалдау бойынша төлемдердің келетірілген құны бойынша жалдау мерзімі ішінде бағаланады, немесе ол оңай анықталына алмайтын болса, жалға беруші қосымша қарыз ақша тартудың мөлшерлемесі арқылы.

ХҚЕС (IAS) 17 ұқсас, жалға берушілер жалға беру шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктейді. Егер жалдау шартының мәні болып табылатын активті иеленумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдалар берілсе, ондай жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Басқа жағдайда, жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Қаржылық жалдауға қатысты, жалға беруші қаржылық кірісті жалға берушінің таза инвестициялары бойынша өзгеріссіз мезгілдік кірістілік нормасын көрсететін кесте бойынша жалдау мерзімі ішінде таниды. Жалға беруші операциялық жалдау бойынша төлемдерді кіріс ретінде тура желілік әдіспен немесе басқа жүйелік тәсіл негізінде көрсетеді, егер ол жалдау шартының мәні болып табылатын активті пайдаланудан болған пайданы азайту кестесін дұрысырақ көрсетуді қамтамасыз етсе.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

**2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)**

Қор басшылығы ХҚЕС (IFRS) 16 келешекте қолдану активтер мен міндеттемелердің сомаларына елеулі әсер етуі мүмкін деп күтеді, соған байланысты Қор жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттары есептілікте танылады. Алайда, толық талдау өткізбейінше ХҚЕС (IFRS) 16 қолданудың әсерін бағалау мүмкін емес.

Бұған қоса, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес ақпаратты ашуға қатысты талаптар айтарлықтай кеңейді.

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» түзетулері

Түзетулер қаржы есептілігін пайдаланушыларға қаржылық қызметтен пайда болған міндеттемелерге өзгерістерді бағалауға көмектесетін ақпаратты ашуды талап етеді.

Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін проспективті қолданылады, ерте қолдану рұқсат етіледі. Қорды басшылығы түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС (IAS) 12 «Жұмсалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» түзетулері

Түзетулер келесі түсіндірулерді қамтиды:

1. Салық базасы құны негізінде анықталатын, оған қатысты әділ құн бойынша бағаланатын тұрақты пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық құралдар бойынша баланстық құнның өзіндік құнынан төмендеуі шегерілетін уақытша айырмашылықты тудырады, құрал иегері баланстық құнның сату арқылы немесе пайдалану арқылы өтелуін күтуіне, не болмаса құрал эмитентінен шартпен көзделген барлық ақша ағындарын алу ықтимал болуына қарамастан;
2. Ұйым, ол шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты есепке алатын салық салынатын пайданың болуын бағалаған кезде, егер, сол уақытта, салық құқығы шегеру рұқсат етілген салық салынатын пайданың көздерін шектеген жағдайда (мысалы, капитал шығындары тек қана капитал өсімі есебінен өтелуі мүмкін), ұйым түрі басқа шегерілетін уақытша айырмашылықтардан бөлек бір түге жататын басқа шегерілетін уақытша айырмашылықтармен бірге шегерілетін уақыт айырмашылығын бағалайды;
3. Болашақ салық салынатын табысты бағалау ұйым оны алатынының ықтималдығына жеткілікті дәлелдемелер болған жағдайда, олардың баланстық құнынан асатын сомада ұйымның кейбір активтерінің өтелуін қарастырады;
4. Болашақ кезеңдерде жеткілікті салық салынатын пайда алу перспективаларын бағалау кезінде ұйым осы шегерілетін уақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру нәтижесінде салықтық шегерімдері болмайтын болашақтағы салық салынатын пайда мен шегерілетін уақытша айырмашылықтарды салыстырады.

Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге ретроспективті қолданылады, ерте қолдану рұқсат етіледі. Қорды басшылығы түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

ҚЕТХК (IFRIC) 22 «шетел валютасындағы операциялар және өтеуді алдын ала төлеу»

ҚЕТХК (IFRIC) 22 түсіндіруіне сәйкес, ұйым шетел валютасында төлем жасаса немесе алдын ала төлем алса, оған тиесілі активтің, шығыстың немесе кірістің бастапқы тану кезінде пайдаланылуы тиіс айырбастау бағамын анықтау мақсатында операция күні өтемақыны алдын ала төлеу күні болып табылады (яғни, алдын ала төленген кіріске қатысты алдын ала төлемді немесе міндеттемені бастапқы тану күні).

Бірнеше төлем немесе алдын ала болған жағдайда, ұйым алған әрбір төлем немесе алдын-ала төлем бойынша операция жасалған күнді анықтауы керек. ҚЕТХК 2018 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, ерте қолдану рұқсат етіледі. Ұйымдар ҚЕТХК ретроспективті немесе проспективті түрде қолдана алады. Қор басшылығы ҚЕТХК қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді, себебі ол қазірдің өзінде ҚЕТХК (IFRIC) 22 талаптарына ұқсас есепке алу тәртібін қолданады.

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2014-2016 жж. кезең

ХҚЕС (IFRS) 1 түзетулері қаржы құралдары, қызметкерлерге сыйақылар және инвестициялық ұйымдар туралы ақпаратты ашумен байланысты қысқа мерзімді босатуларды жойды, себебі бұл босатулар қолданыла алатын есептік кезеңдер өтіп кетті және босатулар қолданыла алмайды. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады.

Басшылықтың пайымдауынша, бұл түзетулерді қолдану Қордың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

5. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары келесідей ұсынылған:

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ-дағы қаражат	62,333,330	40,227,851
ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы ақша қаражаты	2,097,527	38,052,670
Өзге банктерде ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты	27,772	2,379
Карт-шоттардағы ақша қаражаты	890	471
Кері РЕПО шарттары	-	1,293,001
Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны	64,459,519	79,576,372

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ-дағы қаражат бастапқы орналастыру мерзімі үш айдан кем және жылдық пайыздық мөлшерлемесі сәйкесінше 11.00% және 12.00% құрайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған депозиттермен ұсынылады.

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ-дағы қаражат бойынша есептелінген сыйақы сәйкесінше 13,330 және 72,851 мың теңге құрады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтамасыз ету ретінде алынған активтердің әділ құны және кері РЕПО шарттарының баланстық құны келесідей болды:

	2015 жылғы 31 желтоқсан Несиенің баланстық құны	Кепіл мәнінің әділ құны
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	1,293,001	2,364,954

6. Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар

Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар келесідей ұсынылған:

	2016 жылғы 31 желтоқсан Номиналдық пайыздық мөлшерлеме, %	Әділ құны
Борыштық бағалы қағаздар:		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	3.00% - 8.10%	264,247,505
АҚШ-тың қазынашылық облигациялары	1.00% - 3.13%	139,179,421
Еуропа қайта құру және даму банкінің облигациялары	-	67,321,275
ҚРҰБ ноталары	-	42,445,789
Қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары	4.41%	1,399,735
Борыштық бағалы қағаздар жиыны		514,593,725

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

	2015 жылғы 31 желтоқсан Номиналдық пайыздық мөлшерлеме, %	Әділ құны
Борыштық бағалы қағаздар:		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	3.00% - 8.75%	331,605,546
АҚШ Үкіметінің облигациялары	0.00% - 1.00%	108,904,512
Қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары	4.41%	1,250,211
Борыштық бағалы қағаздар жиыны		441,760,269

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы сәйкесінше 9,536,363 мың теңгені және 10,229,690 мың теңгені құрады.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік облигациялар Fitch Rating кредиттік рейтингтер агенттігі берген «BBB-» рейтингісіне ие «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-ға салынған инвестициялармен ұсынылған.

7. Дебиторлық берешек

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешек тиісінше 3,638,133 мың теңгені және 2,013,221 мың теңгені құрады. Дебиторлық берешек жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесіне қатысатын банктердің күнтізбелік жарналары бойынша дебиторлық берешекпен ұсынылған.

8. Өзге активтер

Өзге активтер келесідей ұсынылған:

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Өзге қаржылық емес активтер:		
Ағымдағы табыс салығы бойынша талаптар	896,814	142,142
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	33,273	28,625
Материалдық емес активтер	12,243	15,006
Кейінге қалдырылған салық активтері	8,779	9,788
Келешек кезеңдердің шығыстары	3,565	3,655
Қызметтер үшін берілген аванстар	2,730	2,887
Тауарлы-материалдық қорлар	2,530	1,910
Агент банк арқылы кепілдік берілген өтеулер бойынша алдын ала төлемдер	-	608,753
Өзге активтер жиыны	959,934	812,766

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

9. Өзге міндеттемелер

Өзге міндеттемелер келесідей ұсынылған:

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Өзге қаржы міндеттемелері:		
Сыйлықақылар бойынша резервтер	26,923	28,151
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	15,857	18,367
Қызметтер ақысын төлеу бойынша міндеттеме	5,432	5,488
Кредиторлық берешек	71	120
Салымшылар алдындағы міндеттемелер	-	608,753
Өзге қаржы міндеттемелері	28	313
Өзге қаржы міндеттемелерінің жиыны	48,311	661,192
Өзге қаржылық емес міндеттемелер:		
Күнтізбелік жарналар бойынша қатысушы банктерден алынған алдын ала төлемдер	563,134	413,639
Қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттеме	3,398	2,832
Салықтар бойынша шығыстар, корпоративтік табыс салығынан басқа	-	3,218
Өзге қаржылық емес міндеттемелер жиыны	566,532	419,689
Өзге міндеттемелер жиыны	614,843	1,080,881

Күнтізбелік жарналар бойынша қатысушы банктерден алынған алдын ала төлемдер қатысушы банктер жыл соңына дейін жарналар бойынша жасаған алдын ала төлемдерінің сомалары мен алдыңғы жыл үшін нақты жарналар негізінде Қор алу үшін есептеген сомалар арасындағы айырмашылық болып табылады.

10. Жарғылық капитал

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болды.

2016 жылғы 17 мамырдағы №А4218 бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сай 2016 жылғы 17 мамырда 19,487,000 мың теңге сомасына 97,435 акция көлемінде жаңа акциялар шығару жарияланды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталы 214,358,600 мың теңге жалпы сомасына әр акцияның номиналды құны 200,000 теңге болатын 1,071,793 жай акцияны құрады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталы 194,871,600 мың теңге жалпы сомасына әр акцияның құны 200,000 теңге болатын 974,358 жай акцияны құрады.

Жарғыға сәйкес, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қор пайданы дивидендтер ретінде үлестірмейді, ал кірістер резервтер ретінде жинақталады.

	Акциялар саны	Жарғылық капитал
2014 жылғы 31 желтоқсан	885,780	177,156,000
Жай акцияларды шығару	88,578	17,715,600
2015 жылғы 31 желтоқсан	974,358	194,871,600
Жай акцияларды шығару	97,435	19,487,000
2016 жылғы 31 желтоқсан	1,071,793	214,358,600

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік Беру Қоры» АҚ

2016 жылғы 31 желтоқсанда Аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертпелер (Жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгеде)

11. Пайыздық кірістер

Пайыздық кірістер келесідей ұсынылған:

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістерге келесілер кіреді:		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін құнсызданбаған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер:		
Депозиттер бойынша пайыздар	12,793,974	1,501,755
Кері РЕПО шарттары бойынша пайыздар	318,985	404,121
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін активтер бойынша пайыздық кірістер жиыны	13,112,959	1,905,876
 Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерге келесілер кіреді:		
Сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша пайыздар	20,419,735	19,894,545
Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер жиыны	20,419,735	19,894,545
Пайыздық кіріс жиыны	33,532,694	21,800,421

